

Ақтау портында Каспий теңізінде пайдалану үшін теңіз құрылыстары мен корабльдер жасау жөніндегі верфь салудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 406 қаулысы

Каспий теңізінің қазақстандық секторын игеруді жеделдету, республиканың ауыр өнеркәсібін одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Маңғыстау облысының әкімі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, бір апта мерзімде заңнамада белгіленген тәртіптен "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының Ақтау портындағы жалпы ауданы 2 гектардан кем емес жер телімін пайдалану құқығын Каспий теңізінде пайдалану үшін теңіз құрылыстары мен корабльдер жасау жөніндегі верфь салуға "Kerrel Kazakhstan" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне беруін қамтамасыз етсін.

2. "Ақтау портында астық терминалын салудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қазандағы N 1156 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 34, 389-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі